



Автор: Алманиязова Салтанат Асылбековна

Пән: География

Сынып: 9-сынып

Бөлім: Литосфера

Тақырып: Қазақстанның минералды ресурстарына баға беру

Қазақстанның минералды ресурстарына баға беру	Сабақ мақсаты Барлық оқушылар: Қазақстанның минералдық ресурстарына баға бере алады Оқушылардың көпшілігі: Қазақстанның минералды ресурстарының таралуына зерттеу жұмысын жүргізе алады Кейбір оқушылар: – Минералдық ресурстарды игеруге қатысты мәселелерді шешу жолдарын ұсына алады.
---	--

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Қазақстанның минералды ресурстарына баға беру (40 минут)	Топқа бөлу Оқушылар дөңгелек болып тұрады. Ортаға сұрақтар жазылған кубик тасталады. Сұрақтарға жауап беру арқылы оқушылар топқа бөлінеді, әрі үй тапсырмасы ретінде кетеді. Картамен жұмыс түрі де бар. "Мұнайшылар", "Металлургтер", "Шахтерлер" тобы құрылады. Жаңа сабақ Үш топ атаулары бойынша минералды ресурс түріне баға береді. Яғни плакатқа қоры, өндіру түрі, сапасы, т.б. мәлімет жазып постер қорғайды. "Мұнайшылар" - Қарашығанақ кен орнына, "Металлургтер" - Соколов-Сарыбай кен орнына, "Шахтерлер" - Қарағнды кен орнына. ХОУ ойыны X-сұрақтары: 1)Магмалық тау жыныстарына қандай пайдалы қазбалар кіреді? 2)Радиоактивті металдарға қандай металдар бар? 3)Қазақстан қандай металдардан әлемде бірінші орын алады? O-сұрақтары 1)Шөгінді тау жыныстарына қандай пайдалы қазбалар кіреді? 2)Көмірсутекті шикізатқа қандай пайдалы қазбалар енеді? 3)Қазақстан қандай металдардан екінші орынды алады? Y-сұрақтары 1)Метаморфты тау жыныстарына қандай пайдалы қазбалар кіреді? 2)Сирек металдарға не жатады? 3)Қандай пайдалы қазбалардан сегізінші орынды алады? X O Y 10 10 10 20 20 20 30 30 30 3.Топтарға картамен жұмыс тапсырылады. «Мұнайшыларға» кескін картада шартты белгілер беріледі минералды ресурстардың атын жазып шығу «Шахтерлерге» кескін картада қалалардың аты жазылады не өндіретінін жазу «Металлургтерге» кескін картада өндіріс орындарының шартты белгілері беріледі кескін картаға өндіріс орындарының атын жазу 4.Минералды ресурстарды өндіру және өңдеуге қатысты мәселелерді біріктіріңдер Мұнай құбырларының ескіруі Мамандармен қамтамасыз етілуі Жабдықтардың ескіруі Кен орнын пайдалануда ұлттық компаниялардың үлестерінің төмендігі Үлгі алу және сараптама жүргізу Сыртқы қарыздар Техникалар мен технологиялық жабдықтар 5. Қазақстанның минералды ресурстарына STEEPLE арқылы баға беріңіз: Әлеумет Технолог Экономи Қорша- Құқық Этника ған орта Саяси лық тық тік иялық калық	